



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Шілде 2024

2023 жылғы наурыздан бастап баяулаған жылдық инфляция 2024 жылғы шілдеде 8,6%-ға дейін жеделдеді. Ауыл шаруашылығындағы өндіруші бағаларының төмендеуінің баяулауы және азық-түлік өндірушілерінің бағаларының жеделдеуі аясында азық-түліктің бір жылдағы тұтыну бағасының өсу қарқыны жеделдеді.


Тұтыну сұранысы тұрақты болғаннан және кейінгі кезде номиналды айырбас бағамы әлсірегенінен туындаған инфляциялық қысымға қарамастан, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны да баяулады.

Реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызметтер тарифтерінің жылдық дезинфляциясына қарамастан, қызмет көрсету инфляциясының өсу қарқыны жылдық мәнде жеделдеді. Қызмет көрсету саласындағы баға өсімінің негізгі қозғаушы күші жекелеген нарық қызметтері болып отыр.

Кейінгі 16 ай бойы байқалған жылдық инфляцияның баяулау тренді 2024 жылғы шілде айында тоқтады. Жылдық инфляция сәл жеделдеп, 8,6% болды (2024 жылғы маусымда – 8,4%). Айлық бағаның өсу қарқыны жеделдеп, 0,7%-ға (0,4%) жетті (1-кесте).

Маусымдық факторлар ескерілмеген айлық инфляция көрсеткіші 0,91%-ға (0,42%) жеделдеді. Маусымдылық факторларды ескермеген жағдайда, көкөніс, темекі өнімдері, аудиовизуалды жабдықтар, сырт киімдер, кешенді демалысты ұйымдастыру, байланыс, сонымен қатар майлар мен тоң майлар, жемістер, тұрмыстық техника және сақтандыру бағаларының төмендеуі байқалады. Сонымен қатар, су жабдықтау, кәріз жүйесі және жылу энергиясы сияқты кейбір коммуналдық қызметтердің тарифтерінің маусымдық түзетілген динамикасының төмендеуі байқалады. 2024 жылғы шілдеде маусымдық факторлар ескерілмеген жылдық бағалардың өсуі 5% мақсатты көрсеткіштен асқан тұтыну себетінің тауарлары мен қызметтерінің үлесі шамамен 50% болды (2- кесте).

1- кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның бір айдағы орташа мәні де өткен айдағы 0,47%-бен салыстырғанда аздап жеделдеп, 0,65%-ға жетті (3- кесте).

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз


3-кесте. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы шілдеде азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 5,5%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы маусымда – 5,4%). Бұл үрдіс жеміс-көкөніс, қант пен кондитерлік өнімдердің, алкоголь сусындарының, темекі өнімдерінің жылдық инфляциясының жеделдеуі, сондай-ақ май мен тоң майдың арзандауы бәсеңдегені нәтижесінде байқалды (4- кесте).

4-кесте. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы шілдеде азық-түлік бағасы өткен айдағымен салыстырғанда 0,2%-ға өсті (2024 жылғы маусым айында өзгеріссіз қалған). Айта кету керек, тарихи орташа мәнге қарасақ, шілде айында азық-түлік бағасының өсуі байқалмаған (2017-2021 жылдардағы шілде айларында – 0%). Шілде айындағы азық-түлік инфляциясының өсуіне көкөніс бағасының төмендеу қарқынының баяулауы, сондай-ақ темекі өнімдерінің, нан-тоқаш өнімдерінің және жармалардың айлық бағаларының өсуі әсер етті.

базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Азық-түлік бағасының өсуіне әсер еткен негізгі факторларының бірі көкөніс бағасының төмендеуінің 0,6%-ға бәсеңдеуі болды (2024 жылғы маусым айында – 4,5%-ға төмендеген). Ұзақ уақыт бойы төмендегеннен кейін, 2024 жылғы шілдеде ақ қырыққабат пен пияз бағалары сәйкесінше 16,8% және 7,3%-ға өсті.

Сонымен қатар, темекі өнімдерінің бір айдағы бағасы өскені байқалады (3,8%). Бағаның өсуі 1 шілдеден бастап темекі өнімдерінің ең төменгі бөлшек бағасының² көтерілуімен байланысты болды.

2024 жылғы шілдеде нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы 0,3%-ға өсті (2024 жылғы маусымда – 0,2%). Нан бағасы 0,7%-ға (0,2%) өскені, сондай-ақ жарма бағасының төмендеу қарқынының баяулауы 0,4%-ға төмендегені байқалады (1,9%-ға төмендеді). Нан бағасының өсуі 2024 жылғы шілде айында өндірушілердің нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер бағасын 0,5%-ға өсіруіне байланысты болды. Сонымен қатар, жармалардың дефляция қарқынының баяулауы 0,4%-ға төмендегені (1,9%-ға төмендеу) байқалды, бұл сұлы жармасы бағасының 0,2%-ға және тарының 0,6%-ға өсуіне байланысты болды. Бұл ретте, 2024 жылғы шілде айында ұн тарту және жарма өндіру өнімдерінің өндіруші бағалары айлық мәнде 1,2%-ға өсті.

Шілде айында азық-түлік инфляциясының төмендеуіне жұмыртқа (-1,4%), жемістер (-0,7%), майлар мен тоң майлар (-0,5%) бағасының арзандауы әсер етті. Жұмыртқа бағасы өндірушілердің биылғы наурыз айынан бастап бағаны түсіргені нәтижесінде төмендеді. 2024 жылғы маусым айында өндірушілердің бағалары айлық көрсеткіш бойынша 1,6%-ға төмендеді, ал соңғы бес айдағы жиынтық төмендеу 21% болды. Жемістерден алмұрттан басқа барлық жаңа піскен жемістердің айлық бағасының төмендеуі байқалды, ал алмұрт бағасы 0,6%-ға өсті. Майлар мен тоң майлар бағасының төмендеуі майлы дақылдар өндіруші бағаларының баяулауы нәтижесінде жалғасуда.

2024 жылғы шілде айында өсімдік майларынан басқа барлық негізгі азық-түлік өнімдерінің ішкі бағалары сыртқы бағалардан асып түсті. Биылғы шілде айында теңгенің АҚШ долларына қатысты номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі теңгемен есептегендегі сыртқы бағалардың жылдам өсуіне ықпал етуді жалғастырды. Сонымен қатар, биылғы шілде айында ет пен қант бойынша баға дифференциалы азайып, өсімдік майлары бойынша кеңейді (5 - кесте).

Әлемдік нарықта астық бағасы екінші ай қатарынан төмендеуді жалғастырды (айлық көрсеткіш бойынша 3,8%-ға, жылдық көрсеткіш бойынша 12,0%-ға), бұл негізінен негізгі астық өндіруші аймақтарда (Ресей, Бразилия, Еуропа) егін жинау науқанының басталуына байланысты болды. Астық құрылымында жүгері бағасының айлық көрсеткіш бойынша 3,7%-ға (жылдық көрсеткіш бойынша 16,1%-ға) төмендеуі байқалды, бұл Бразилия мен Аргентинадағы егін жинау науқанына байланысты болды. Сондай-ақ, әлемдік нарықта күрішке деген импорттық сұраныстың төмен болуына байланысты күріш бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі байқалды.


2024 жылғы шілде айында өсімдік майларының әлемдік бағасы 2,4%-ға айлық мәнде (жылдық көрсеткіш бойынша 4,0%-ға өсу) өсті. Бұл өсім негізінен негізгі май түрлерінің (пальма, күнбағыс, соя) қымбаттауына және әлемдік сұраныстың жоғары болуына байланысты болды.

Биылғы шілде айында қанттың әлемдік бағасы 0,7%-ға айлық мәнде өсті (жылдық көрсеткіш бойынша 17,9%-ға төмендеді). Бұл өсім Оңтүстік Америкада күткен мөлшерден төмен өнім жиналуына байланысты болды. Еттің әлемдік бағасы 1,2%-ға айлық көрсеткіш бойынша (жылдық көрсеткіш бойынша 0,8%-ға өсті) қымбаттады, бұл негізінен құс еті

² Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 196 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

бағасының қымбаттауынан туындады. Құс еті бағасының өсуі кейбір негізгі өндіруші елдердегі өндіріс үзілістерінен болды.

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының³ әлемдік және ішкі бағасының динамикасы, теңгемен, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы шілде айында азық-түлікке жатпайтын тауарлардың жылдық бағасының өсуі 7,3%-ға баяулаған (2024 жылдың маусымында – 7,4%). Тауарлар құрылымында жанар-жағармай материалдарының жылдық баға өсуімі баяулағаны байқалады, бұл кейінгі бес айда баға көтерілмегеніне байланысты. Сонымен қатар, жеке пайдаланылатын тауарлар, тұрмыстық заттар және құрылыс материалдары нарығында дефляциялық үрдістер байқалады (6 - кесте).

2024 жылдың шілде айында азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық бағасының өсуі 0,7%-ға жеделдеді (0,6%). 2024 жылғы шілде айында тұрмыстық және бау-бақшадаға арналған құралдар (-1,1%), тұрмыстық техника (-0,6%) және жуып-тазалауға арналған өнімдердің бағасы төмендеді (-0,2%).

Айлық мәнде азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясының компонентіне қысым жасаған факторлар – аудиовизуалды жабдықтардың бағасының өсуі (2,9%), сондай-ақ жеке пайдаланылатын электр құрылғыларының бағасының өсуі (1,6%) және ас үй жабдықтарының бағасының өсуі (1,4%), соның ішінде кастрюльдердің (7,3%) және үтіктеуге арналған үстелшелердің (12,6%) бағасы болды.


³ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан бастап сәйкес индекстердегі өзгерістер (2019 жылғы желтоқсан = 100).



2024 жылғы шілде айында **қызметтер** бағасының жылдық өсімі 14,5%-ға жеделдеді (2024 жылғы маусымда – 13,8%) (7- кесте). Айлық мәндегі баға өсімі де 0,6%-дан 1,6%-ға дейін жеделдеді.


2024 жылғы шілдеде қызметтерден байланыс қызметтерінің (7,6%), кешенді демалыс ұйымдастырудың (5%), тұрғын үйді жалға алу (1,9%) және көлік қызметтерінің (1,1%) бағасы өсті. Байланыс қызметтерінің бағасының өсуі мобильді байланыс операторларының тарифтерді (11,5%) және интернетке қосылу үшін төленетін абоненттік төлемді (6,8%) қайта қарауына байланысты болды. Жаз маусымында байқалатын шетелге саяхаттау бағасының өсуі теңгенің номиналдық курсының әлсіреуіне байланысты қосымша қымбаттады. Көлік қызметтерінің қымбаттауының негізгі қозғаушы күші – эконом-класқа арналған ұшақ билетінің бағасы, ол жоғары сұранысқа байланысты 12,9%-ға өсті.

Сондай-ақ, сақтандыру қызметтерінің бағасы (-1,1%) төмендеді, ал аурухана қызметтерінің (маусымда 4%-дан шілдеде 1,8%-ға дейін), қоқыс жинау қызметтері (0,8%-дан 0%-ға дейін) және шаштараз қызметтері бағасының өсуі (1,6%-дан 1,2%-ға дейін) баяулады.



2024 жылғы шілдеде реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің айлық өсімі 0,5% болды (2024 жылғы маусымда 0,3%-ға төмендеді), ал жылдық инфляция көрсеткіші 28,9%-дан 28%-ға баяулады. 2024 жылғы шілде айында электр энергиясының тарифі 1,1%-ға, сумен қамтамасыз ету 0,1%-ға өсті. Сонымен қатар, ыстық судың тарифі 0,2%-ға төмендеді. Тарату желілері арқылы жеткізілетін газ бағасы, су бұру және жылу тарифтері өзгеріссіз қалды (8 - кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-шілде, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы шілдеде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендеуін баяулатты.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы аралық тауарлар мен отын-энергетика тауарларының қымбаттауына байланысты өсті.


Қызмет көрсету саласында теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифі одан әрі өсті.

2024 жылғы шілде айында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 0,3%-ға төмендеді (9 - кесте). Бағалардың төмендеуінің баяулауы астық дақылдары мен мал шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына байланысты болды. Бидайдың бағасы жылдық мәнде 2,7%-ға өсті, ал майлы және азық дақылдарының бағасы арзандауын жалғастырды (жылдық мәнде, сәйкесінше 8,1% және 8,4%). Сондай-ақ, ірі қара малдың бағасы жылдық мәнде 3,4%-ға өсті, ал құс етіне бағаның өсуі 1,1%-ға баяулады.


Азық-түлік және сусын өндірушілердің бағасы жылдық мәнде сәйкесінше 2,5% және 9,7%-ға өсті (10 - кесте). Нан-тоқаш, макарон, ұн өнімдері, кондитерлік және ұн-жарма өнімдері, сондай-ақ ет және сүт өнімдері бағасының өскені байқалады. Сонымен

қатар, жылдық мәнде қант, майлар мен тоң майлар және дайын мал азығының бағаларының төмендеуі жалғасты.

9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



10-кесте. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


2024 жылғы шілдеде қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарлардың (жылдық мәнде – 5,7%) және отын-энергетика тауарларының (жылдық мәнде – 13,2%) баға өсімі жеделдеді, ал негізгі күрделі тауарлар бағасының өсімі жылдық мәнде 1,5%-ға баяулады (11- кесте).

Теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифтерінің қымбаттауы жалғасты. Ал автомобиль көлігімен жүк тасымалдау бағасының өсуі жылдық мәнде 0,3%-ға дейін баяулады (12- кесте).

11-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар, ж/ж, %



12-кесте. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ